

**Біріккен Ұлттар Ұйымының Ауа райының өзгеруі туралы Бас Конвенциясына
Киот хаттамасын Қазақстан Республикасының бекітуі және Біріккен Ұлттар
Ұйымының Ауа райының өзгеруі туралы Бас Конвенциясы бойынша Қазақстан
Республикасының міндеттемелерін орындау мәселелері жөніндегі
ведомствоаралық комиссия құру туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 17 сәуір N 590.
Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.03.17. N 237 қаулысымен.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Ауа айының өзгеруі туралы Бас Конвенциясына
Киот хаттамасын Қазақстан Республикасының бекітуі және Біріккен Ұлттар
Ұйымының Ауа райының өзгеруі туралы Бас Конвенциясы бойынша Қазақстан
Республикасының міндеттемелерін орындау жөніндегі шешімін дайындау
кезінде ведомствоаралық үйлестіруді жақсарту мақсатында Қазақстан
Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Мынадай құрамда Біріккен Ұлттар Ұйымының Ауа райының өзгеруі
туралы Бас Конвенциясына Киот хаттамасын Қазақстан Республикасының
бекітуі және Біріккен Ұлттар Ұйымының Ауа райының өзгеруі туралы Бас
Конвенциясы бойынша Қазақстан Республикасының міндеттемелерін орындау
мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия (бұдан әрі - Комиссия)
құрылсын:

Есенбаев	- Қазақстан Республикасының
Мәжит Төлеубекұлы	Экономика және сауда
министрі, төраға	

Шоқпытов Андар	- Қазақстан Республикасының
Мәулешұлы	Табиғи ресурстар және қоршаған
	ортаны қорғау министрі,
төрағаның орынбасары	

Жақыпов	- Қазақстан Республикасының Көлік
Қабиболла Қабенұлы	және коммуникациялар бірінші
вице-министрі	

Тасболатов	- Қазақстан Республикасы Қорғаныс
Абай Бөлекбайұлы	министрінің орынбасары

Қосжанова	- Қазақстан Республикасының Әділет
Жанаргүл Тоғызбайқызы	министрлігі Заңнама
департаментінің директоры	

Могильный	- Қазақстан Республикасының Білім
Валерий Валентинович	және ғылым министрлігі Ғылым
	департаментінің директоры
Тілеумұратов	- Қазақстан Республикасының
Юрий Жұмабайұлы	Мемлекеттік кіріс министрлігі
	Өндірістік емес төлемдер
	департаментінің директоры
Ким	- Қазақстан Республикасының
Афанасий Григорьевич	Төтенше жағдайлар жөніндегі
	агенттігі Ұйымдастыру-бақылау
	және кадр жұмыстары
	департаментінің директоры
Мешімбаева	- Қазақстан Республикасының
Анар Ертөлеуқызы	Стратегиялық жоспарлау жөніндегі
	агенттігі Әлеуметтік-экономикалық
	талдау департаментінің директоры
	(келісім бойынша)
Әбдірахманов	- Қазақстан Республикасының
Есіркеп Оңланбекұлы	Экономика министрлігі Салалық
	саясат департаментінің директоры
Бәзілжанов	- Қазақстан Республикасының
Ерболат Кәрібжанұлы	Ауыл шаруашылығы министрлігі
	Жер өңдеу департаментінің
	директоры
Қазыханов	- Қазақстан Республикасының
Ержан Хазейұлы	Сыртқы істер министрлігі
	Көп жақты ынтымақтастық
	департаментінің директоры, хатшы
Нефедов	- Қазақстан Республикасының
Петр Петрович	Энергетика және минералдық
	ресурстар вице-министрі
Тұрмағамбетов	- Қазақстан Республикасының
Мәжит Әбдіқалықұлы	Табиғи ресурстар және қоршаған
	ортаны қорғау вице-министрі
Бертісбаев	- Қазақстан Республикасының
Несіпқұл Бертісбайұлы	Энергетика және минералдық
	ресурстар министрлігі Электр
	энергетикасы және қатты отын
	департаментінің директоры

Өтеғұлов
Мәулен Амангелдіұлы

- Қазақстан Республикасы Қаржы
министрлігінің Мемлекеттік қарыз
алу департаменті директорының

міндетін атқарушы

ЕСКЕРТУ. Құрамға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2001.06.16. N 831
қаулысымен , **2002 жылғы 13 маусымдағы N 640** қаулысымен .

2. Қоса беріліп отырған Комиссия туралы ереже бекітілсін.

3. "БҰҰ-ның Ахуалды өзгерту туралы Шеңберлі Конвенциясына Киот хаттамасын Қазақстан Республикасының бекітуі мәселесі жөніндегі жұмыс тобын құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1999 жылғы 9 шілдедегі N 99 өкімінің күші жойылды деп танылсын.

4. Комиссия жарты жылды бір рет Үкіметке істелген жұмыстар туралы есеп
ұ с ы н с ы н .

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2000 жылғы 17 сәуірдегі
N 590 қаулысымен бекітілген

**Біріккен Ұлттар Ұйымының
Ауа райының өзгеруі туралы Бас Конвенциясына
Киот хаттамасын Қазақстан Республикасының бекітуі және
Біріккен Ұлттар Ұйымының Ауа райының өзгеруі туралы Бас
Конвенциясы бойынша Қазақстан Республикасының
міндеттемелерін орындау мәселелері жөніндегі
ведомствоаралық комиссия туралы**

Ереже

1. Жалпы ережелер

1. Осы ереже Біріккен Ұлттар Ұйымының Ауа райының өзгеруі туралы Бас Конвенциясына Киот хаттамасын Қазақстан Республикасының бекітуі және Біріккен Ұлттар Ұйымының ауа райының өзгеруі туралы Бас Конвенциясы бойынша Қазақстан Республикасының міндеттемелерін орындау мәселелері жөніндегі (бұдан әрі - БҰҰ АРӨБК), БҰҰ АРӨБК бойынша Қазақстан Республикасының қабылдаған міндеттемелерін орындауды үйлестіру және парниктік газдардың шығуын қысқарту жөніндегі мемлекеттік органдардың іс-қимылын үйлестіруді жақсарту үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі құрған ведомствоаралық комиссияның жұмысын ұйымдастыруды реттейді.

2. Комиссия Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Қызметін ұйымдастыру

3. Комиссияның органдары:

- 1) Комиссияның жұмыс органы;
- 2) Комиссияның төрағасы;
- 3) Комиссия төрағасының орынбасары;
- 4) Комиссияның хатшысы

4. Комиссия Қазақстан Республикасының мүдделі мемлекеттік органдарының өкілдерінен құрылады. Комиссияның төрағасы Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрі болып табылады. Комиссия төрағасының орынбасары Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрі болып табылады.

Ескерту. 4-тармақ өзгерді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 13 маусымдағы N 640 қаулысымен .

5. Комиссияның төрағасы оның қызметіне басшылық жасайды. Комиссияның отырыстарында төрағалық етеді, оның жұмысын жоспарлайды, оның шешімдерінің іске асырылуын жалпы бақылауды жүзеге асырады және Комиссия жүзеге асыратын қызмет үшін жауаптылықта болады. Төраға болмаған кезде оның функцияларын Комиссия төрағасының орынбасары орындайды.

6. Комиссияның хатшысы Комиссия отырыстарының күн тәртібі бойынша ұсыныстарды, қажетті құжаттарды, материалдарды дайындайды және олар өткеннен кейін хаттамаларды ресімдейді.

7. Комиссияның жұмыс органының функциялары Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігіне жүктеледі.

8. Комиссияның отырыстары кемінде жарты жылда бір рет өткізіледі. Комиссияның шешімдері ашық дауыспен отырысқа қатысып отырған Комиссия мүшелерінің қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады және хаттамамен ресімделеді.

9. Комиссия мүшелерінің ерекше пікірге құқығы бар, ол білдірілген жағдайда, оның жазбаша түрде жазылуы және хаттамаға қоса берілуі тиіс.

10. Жекелеген мәселелерді неғұрлым терең және егжей-тегжейлі пысықтау үшін Комиссия олардың құрамына ғалымдар мен мамандардың қатарынан мемлекеттік органдардың өкілдерін, сарапшылар мен консультанттарды енгізу арқылы уақытша және тұрақты жұмыс істейтін сараптамалық топтарды ұйымдастырады.

3. Комиссияның функциялары

11. Комиссия өз қызметінің аясында мынадай мәселелер бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар дайындайды:

1) Қазақстан Республикасының БҰҰ-ның АӨБК-сы бойынша міндеттемелерін орындау жөніндегі бағдарламалар мен жұмыс жоспарлары бойынша ;

2) парниктік газдардың шығуын қысқарту жөніндегі жұмыс процесіне қатысушы мемлекеттік органдардың қызметіне жалпы басшылықты, үйлестіруді және мониторингті қамтамасыз ету бойынша;

3) Сараптау комиссияларының Қазақстан Республикасының БҰҰ-ның АӨБК-сы бойынша міндеттемелерінің орындалуы жөніндегі жұмыстар туралы есептерін қараудың нәтижелері бойынша;

4) БҰҰ-ның АӨБК-сы ережелерін Қазақстан Республикасында іске асыру үшін елдің ғылыми әлеуетін жұмылдыру бойынша;

5) БҰҰ-ның АӨБК-сына Киот хаттамасын Қазақстан Республикасының бекітуінің қажеттілігін экономикалық бағалау және құқықтық сараптау бойынша;

6) ауа-райының кең ауқымды өзгеруі мәселелері жөніндегі Ұлттық стратегия бойынша ;

7) Комиссияның сараптамалық топтары жұмысының, оның ішінде парниктік газдардың шығуын түгендеу және болжау мәселелері жөніндегі, нәтижелері бойынша ;

8) Киот хаттамасының экономикалық тетіктерін талдаудың және оларды Қазақстан Республикасы экономикасының нақты жағдайына бейімдеудің нәтижелері бойынша ;

9) БҰҰ-ның АӨБК-сын енгізу үшін институционалдық база құру және парниктік газдардың шығуын төмендету, оның мониторингі және бақылау бойынша ;

10) позициялар мен халықаралық келіссөздер процестеріне қатысудың шешуші мәселелері бойынша ;

11) парниктік газдардың шығуын қысқартуға бағытталған жобаларды бағалаудың әдістемесі мен технологиялары бойынша;

12) сараптау топтары ұсынатын Қазақстан Республикасының БҰҰ-ның АӨБК-сы бойынша міндеттемелерді орындауын қамтамасыз ететін нормативтік, құқықтық құжаттарды әзірлеу бойынша;

13) жаңа технологияларды енгізу үшін жаңа тетіктер құру бойынша;

14) Қазақстан Республикасында парниктік газдардың шығуын шектеу жөніндегі басымдықты шаралар мен іс-әрекеттер бойынша;

15) Қазақстан Республикасында озонды бұзатын заттарды пайдалануды қысқарту жөніндегі жұмыстарды ведомствоаралық үйлестіру бойынша;

16) табиғи ресурстардың пайдаланылуын басқаруды және қоршаған ортаны қорғауды жетілдіретін экономикалық тетіктерді енгізу мүмкіндіктерін зерделеу бойынша ;

17) энергетика секторында жаңғыртылатын энергия көздерін енгізуге, парникті газдар мен басқа да ластайтын заттар эмиссиясын азайтуға, отын ретінде табиғи газды, электрді пайдаланатын көлік паркін дамытуға бағытталған жобаларды жүзеге асыру бойынша ;

18) дәстүрлі отын түрлерін (көмір, мұнай) экологиялық таза энергетикалық шикізатқа (табиғи газ) алмастырып, мұнай кен орындарында ілеспе газдарды, көмір шахталары мен қалдықтар көмілген жерлерде метанды кәдеге жарату бойынша ;

19) өнеркәсіпке энергия үнемдеуші жаңа технологияларды енгізу, шағын энергетикаға арналған жабдықтарды: кіші су электр станциясын, электр энергиясын өндіру мен механикалық жұмыстарды орындауға арналған жел агрегаттарын шығару, күн батареяларын және күн сәулесімен су жылытатын коллекторлар өндірісін дамыту бойынша ;

20) ауыл шаруашылығында жерді пайдалануға, орман екпелерін отырғызуды жақсартуға, озық технологияны енгізуге, ауылға арналған жел және күн энергетикасының шағын энергетикасын пайдалануға бағытталған жобаларды жүзеге асыру бойынша ;

21) мынадай халықаралық шарттар шеңберінде жобаларды үйлестіру бойынша :

1) шөлейттенуге қарсы күрес

2) озон қабатын қорғау

3) биологиялық алуан түрлілікті сақтау

4) ауаның алыс қашықтықта шекарааралық ластануын болдырмау.

Ескерту. 11-тармақ өзгерді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 13 маусымдағы N 640 қаулысымен .

4. Комиссияның құқықтары

12. Комиссияны :

1) Қазақстан Республикасының БҰҰ-ның АӨБК-сы бойынша міндеттемелерін орындау жөніндегі жұмыс жоспарларын түзету туралы ұсыныс әзірлеуге ;

2) Қазақстан Республикасының БҰҰ-ның АӨБК-сы бойынша міндеттемелерін орындауға тартылған мемлекеттік органдар үшін ұсынымдар әзірлеуге ;

3) белгіленген тәртіппен Комиссияның құрамын өзгерту және/немесе толықтыру жөнінде ұсыныстар енгізуге ;

4) сондай-ақ өзіне жүктелген міндеттерді орындау үшін тиісті ұйымдардан

қажетті материалдар мен ақпаратты сұратуға, тиісті мамандарды тартуға құқығы бар.

5. Комиссияның жұмысын тоқтатуы

13. Комиссияның қызметін тоқтатуы үшін:

- 1) Комиссияға жүктелген міндеттердің орындалуы;
- 2) Комиссияға жүктелген міндеттерді жүзеге асыратын мемлекеттік органның немесе өзге де комиссияның құрылуы;
- 3) Комиссияның міндетін орындалмайтын не оны орындауды мақсатсыз ететін өзге де жағдайлар негіз болуы мүмкін.